



ӨЗЕН

№2 (23) АҚПАН 2018 ж. | «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Құрметті әріптестер!

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында тағдыр тауқыметімен қазақ жерінен қоныс тапқан барша ұлыстар мен этнос өкілдерінің қазақ халқына «Алғыс айту күні» мерекесін 1 наурызға белгілеу туралы бастама көтерді. Бастама қоғам тарапынан қызу қолдау тауып, қазіргі уақытта көктемнің бірінші күні алғыс айту күні болып атап өтіліп келеді.

Шуақты көктемнің алғашқы күні ақ жарылқап тілек пен ақ ниетті алғыстан басталғанын жақсылықтың нышаны деп білемін. Осы ретте қарбаласы мен қиындығы қатар жүретін мұнай саласындағы, оның ішінде өзіндік ерекшеліктері бар Өзен кенорнын игеруші мұнайшылардың адал қызметі мен орасан зор еңбегі үшін алғысымды айтамын.

Біз 2018 жылды жақсы жетістіктермен бастадық. Қаңтар айында мұнай өндіру көрсеткіші 100% орындалды, яғни жоспарланған 463 990 тонна мұнай толық өндірілді. Ал ақпан айында жоспар 420 280 тонна болса, нақты өндірілген мұнай 420 480 тоннаны құрады. Қорыта айтқанда, біз жыл басынан бері 200 тонна мұнайды артық орындап келеміз.

Әрине, мұнайдың жоспардан артық орындалуына көптеген жағдайлар әсер етті. Алайда артық орындалған мұнайдың арғы жағында өзенмұнайгаздық мұнайшылардың еңбегі мен адал қызметі тұр. Сондықтан барша өзен кенорнын игеруші мұнайшыларға аса зор алғысымды айтамын. Артық орындалған әрбір тонна мұнай ырысымызды еселеп, еңсемізді көтеретініне, сенімімізді нығайтып, әрі қарай да өнімді еңбек ететінімізге ықпал етеді деп білемін.

Өзен – мұнайшылардың шеберханасы. Талай-талай майталман мұнайшыларды тәрбиелеп өсірген ұжым ұрпақ сабақтастығын үзбей, ортақ істе біліктілік көрсетіп, биіктерге жете бермек. Баршаңызға ыстық ықыласқа толы алғысымды айта отырып, алда келе жатырған 8 наурыз – халықаралық әйелдер күнімен, 14 наурыз – Амал мерекесі және ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын. Әрбір жанұяға жақсылық, зор денсаулық пен толағай табыс тілеймін.

Құрметпен, Бекзат АБАЙЫЛДАНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры.





МӘДЕНИ ҮЙШІК АШЫЛДЫ



№4 Мұнай-газ өндіру басқармасының №4 Мұнай-газ өндіру цехына қарасты №24 топтық қондырғыда заман талабына сай салынған мәдени үйшіктің құрылысы аяқталып, мұнайшылар игілігіне берілді.

Нысан салтанатты ашылуына қатысқан Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай, Күрделі құрылыс департаменті директоры Феликс Ізекенов, №4 МГӨБ директоры Қанағат Мыңтұрғанов, №4 МГӨБ Кәсіподақ төрағасы Ибайдулла Әмеловтер әріптестерін құттықтады.

«Біздің басқармада он тоғыз топтық қондырғы болса, оның он жетісі жаңадан салынған. Бұл – компанияда жұмысшы мамандығы мәртебесінің жоғары екендігінің куәсі. Ел игілігі үшін атқарып жүрген жұмыстарыңыз жемісті болсын. Нысандарыңыз құтты болсын!» – деді басқарма директоры.

Жаңа мәдени үйшіктің символикалық кілтін мердігер компания «Аңсар» ЖШС-ның директоры Орынбай Қармысов №4 Мұнай-газ өндіру цехының басшысы Саламат Жұмабековке салтанатты түрде табыс етті. Нысанның лентасын басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғанов пен №4 Мұнай-газ өндіру цехы бастығының орынбасары Қожабек Нұрлыбаев қиды.



Астанада еліміздің жастары арасындағы «Жайдарман» ойындарының «Маусымашар-2018» фестивалі өтті. Нәтижесінде «Өзенмұнайгаз» компаниясының құрамасы 20 команда бақ сынайтын Жоғары лигаға жолдама алды.

«Демеуші іздемейтін ЖАЛҒЫЗ КОМАНДА» – ЖОҒАРҒЫ ЛИГАДА

«Демеуші іздемейтін жалғыз команда» деп жүрген – өздері. Өзге командалар сабылып, таланты асып, дайындығы тасып бара жатса да, кім Елордаға барар жолымыз бен жатар орнымызды төлеп берер екен деп «жақсы ағаларды» жағалайды. Ал Өзенмұнайгаз өз командасын өзі қаржыландырып отыр. 2017 жылы компаниядағы Жұртшылықпен байланыс департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Жайдарман» ойындарының нәтижесінде үздік ойыншылар іріктеліп, оған Арғынбек Қалбай жетекшілік жасап, «Маусымашар – 2018» фести-



валіне дайындықты пысықтады. Сатираның саңлағы Көпен Әмірбек, журналистика саласының белгілі өкілдері Дана Нұржігіт, Берік Уәлилер қазылық жасаған ойында мұнайшы жігіттер сенімді ақтады. Өзекті әзіл, тапқыр қалжың, ұтқыр ой залды күлкіге кенелтіп, бір жағынан ойлантап тастады. Нәтиже көңіл қуантарлық: еліміздің түкпір-түкпірінен келген 250 команданың ішінен іріктеліп, 20 мықтының қатарына қосылды. Осы арқылы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының рейтингісін көтеріп, компанияның жағымды имидждік бет-бейнесін қалыптастырды. Армандары

Дәулет Сағынтаев – «Қазақстан ҚВН Одағы» РЖҚБ МОФ директоры

«Жұмысшылар халықты күлдіре алып жатса, экономикаға алаңдамасақ та болады»

Құрама өте мықты. Маңғыстаудан гала концертте өнер көрсеткен 3 команданың бірі. Енді жоғарғы лигадағы 20 команданың қатарында өнер көрсетеді. Өздерін өздері қаржыландырып, барып жүр. Осындай командалар көп болса ғой! Құрама толықтай мұнайшы жастар яғни жұмысшылар халықты күлдіре алып жатса, олардың жағдайы жақсы болғаны. Бұл тұрғыда елдің экономикалық тұрақтылығына алаңдамауға болады. Өзенмұнайгаз командасының дайындығы жыл бойы өзара өткізетін «Жайдарман» ойынының жемісі деуге болады. Жігіттерге сәттілік тілеймін.



Арғынбек Қалбай – «Өзенмұнайгаз құрамасының» жетекшісі

«Құраманың 70 пайызы жаңа ойыншылар»

Бұрын «Мұнай тамшылары» деген атпен Жаңаөзен қаласының атынан «Жайдарман» ойындарына қатысып жүрдік. Бас демеушіміз – қала құрушы компания «Өзенмұнайгаз» АҚ болды. Ал биыл толықтай өзгеріп, компанияның өз атынан «Өзенмұнайгаз құрамасы» деп бардық. Ойыншылардың барлығы компанияда жұмыс жасайды. Құрамада бұрынғы команданың тәжірибелі 3 жігіті бар, ал 70 пайызы жаңа ойыншылар. Өткен жылы өткен ойындардан 5 басқарманың жігіттері іріктеліп алынды. Алда да құрама жаңартылып барып отырады. Жоғарғы лигада ойын көрсетіп, одан әрі өтетін болса жыл соңында финалда өнер көрсетеді. Соған жетуді мақсат етіп отырмыз.





«Өзенмұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағасы Наурыз Сақтағановпен болған блиц-сұхбат

НАУРЫЗ САҚТАҒАНОВТЫҢ мамандығы – жүргізуші. 2010 жылдан бері компанияның кәсіподақ ұйымының төрағасы қызметін атқарып келе жатыр. Аз мерзім емес. Дүбірі көп, дүрбелеңі мол, аумалы-төкпелі небір жылдар өтті. «Мұнайшылар қарашаңырағы» Қызылсайда өскен Наурыз туралы замандастары «Оның бойында Мағжан шайыр жырлаған «қасы болса қанын ішіп, досы болса оның жолында өлгісі келетін» ақындық мінез бар»-дейді. Қиянатқа, елдің елсізге күш көрсетуіне төзбейді.

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

«Жарға біткен жантақты, Жанынан безген нар жейді», – деген сөз кәсіподақ төрағаларына арналып айтылғандай. Кәсіподақ ұйымы озық ұжымдық келісім-шарттың жасақталып, жүзеге асырылуына қол жеткізді. Осыдан 10 жыл бұрын компаниядағы қарапайым жұмыскер мансабы бар адамның қабылдауына бара алмады, олар жүре сөйлесті. Кісімісінген басшыларға қарапайым жұмыскердің жақындап әңгіме айтуы қиямет-қайым болатын-ды. Жағдай өзгерді. Сең қозғалды. Кәсіподақ үшін мұнайшының көңіл-күйі – баға жетпес капитал. Кәсіподақ төрағалары Өзен кенорнының дамуы үшін еңбегі сіңген адамдардың еңбегінің бағалануын қадағалайды. Наурыз тойының бұқаралық сипат алуына қол жеткізді. Бүкіл экономиканы қозғалысқа келтіретін еңбек адамының мәртебесін көтерді. Әлеуметтік мәселелерін түбегейлі шешіп, нүктесін қойды.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ТУРАЛЫ ОЙЫ

Өркімнің өз ауласына қамалып алып, бықсып тіршілік кешетін заман баяғыда өткен. Үркітіп, қорқытатын жүйе бізді дамытпайды да, өсірмейді де. Осы жылдар ішінде бұған басшының да, қосшының да көзі жетті.

ӨМІРДІҢ МӘНІ ТУРАЛЫ

Өмірдің мәні – адал тірлік кешіп, ешкімге қарыз болмай жүруде. Біреуге жақсылық жасай алмасаң да, жамандық жасамай, күн кешу. «Бір күндік сәуленің» өзін мәнді, мағыналы өткізгенге не жетсін?! Қазіргі алмағайып уақытта кімнің денсаулығы түгел дейсің. Спортпен достасу-денсаулық кепілі екендігін білгенімізбен, көбіміздің спортпен айналысуға мойнымыз жар бере бермейді. Миллиард мекендейтін Қытайда көшеде, жол жиегінде тұрып-ақ, дене қимылын шыңдайтын жаттығуларды елден ұялмай жасай береді. Мен де жеңіл атлетикамен айналысып, таңертең жүгіріп жүрмін.



15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылған күні. Соғыстың аяқталғанына биыл 29 жыл толып отыр.

Жарияланбаған соғыс 10 жылыға жуық уақыт болды. Оған Кеңес үкіметі құрамындағы елдерден мыңдап жас сарбаздар аттандырылды. Біздің елдің өзінен 22 мыңнан астам жауынгер жат жерге аяқ басса, 924 қандасымыз елге оралған жоқ. 21-і хабарсыз кеткен. Мыңға жуық отбасы қара жамылып, ал тағы бір мыңға жуығы мүгедек ұлдарын қарсы алған.

Елге аман оралған азаматтар бүгінде сол сұм соғысты еріксіз еске алады. Қаруластарының ерліктерін айтады. Біз де атаулы күн қарсаңында Жаңаөзен қаласы Ауған соғысы ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы, компания қызметкері Сәтбай Орынұлы Құлсариевпен сұхбаттасқан едік.

Сәтбай аға, сол күндердің өткеніне де отыз жылға таяды. Жүреkte әлі сыз бар ма?

– 29 жыл – Ауған жерінен кеңес әскерінің соңғы солдатының шыққан уақыты. Менің шыққаным 35 жыл болды. 1981 жылы 11 ай күн болып шықты. Қанша жыл болса да мен Ауғанстанды ұмытқан жоқпын. Ешқашан ұмытпаймын. Соғыс қой... Тамағын ұмытпаймын... Қиын. Айлап жуынбай жүресің...

Иә, сол сұрықсыз күндерді есіңізге сала бермейін. Керісінше қазір жағдай жақсы. Сол орта жастан асқан аға буын тәуелсіз еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуда. Сіздер де Жаңаөзенде қоғамдық бірлестік құрып, қаланың тыныс-тіршілігіне дем беріп жүрсіздер. Өздеріңіз мұрындық болған қандай шаралар бар?

– Жаңаөзен қаласында Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасымын. Атқарып жатқан шараларымыз аз емес. Барлығы ел үшін жасалынып жатқан игі жұмыстар деуге болады. Атап айтар болсақ, алдымен Кеңірлідегі «жабайы» жағалауды қоқыстан арылтуды бастаған – біздер. 3 жыл сол теңіз жағалауды тазалауға атсалыстық. Өткен жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесімен бірігіп жасадық. Біз 2014 жылы Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 25 жыл толуына орай саябаққа ескерткіш салдырдық. Жаңаөзен жастары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатымен марофон өткіздік. Демеушілік жасаған Өзенмұнайгаздың кәсіподақ ұйымы болды. 2014 жылы наурызда Жас мамандармен бірігіп отырып, Наурыз тойын өткіздік. Онда тамаша концерттік бағдарлама, спорттық шаралар өтті. 2016 жылы екі ағаш үй тігіп, 41 мүжәлсіз отбасын шақырып, қайырымдылық ретінде Наурызда мерекеледік. 2017 жылы 31 отбасын шақырып, мейрамханаға дастархан жайдық. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына «Соғысқа жол жоқ» тақырыбымен Оқушылар шығармашылығы үйінде кең көлемді шара өткіздік. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының қатысуымен

БАТЫРЛАР ДА ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ТІЛЕЙДІ

танымдық іс-шара ұйымдастырдық. Онда қазақ елінің соғысты тілемейтіндігін, ядролық қарудан бас тартып, әлемде тыныштық орнауын қолдайтынын насихаттадық. Сондай-ақ жүгіруден жарыс өткіздік. Халықтың арасында көптеп естілген шарамыздың бірі – қайырымдылық қоймамыз. «Халықтан халыққа» деген бағытпен жұмыс жасап келе жатыр.

– Жаңаөзенде 180-нен астам Ауған соғысының ардагері бар екен. Соның 60-ы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс жасайды. Олардың барлығы қоғамдық көпшілік шараларда белсенділік таныта ма?

– Барлығы бірдей белсенді емес. Денсаулықтарына байланысты жұмыстардың бел ортасында жүре алмайтындар бар. Жалпы 60 мұнайшы ардагер болса, олардың ішінде Шапай Ерғалиев, Жексенбай Ыбыраев, Құдайберген Әбілханов, Абыз Ақпаев, Жаңбырбай Нұрғазин, Мұрат Ылиев, Озғанбай Балмағанбетов, Қуанғали Шілпенев т.б. азаматтардың игі істерге атсалысатындарын атап айтып кету керек.

– Жыл санап Ауған соғысы ардагерлерінің аттары ардақталып келе жатыр. Ал компания тарапынан сіздерге қолдау бар ма?

– Қолдау бар. Шүкір бәрі жақсы. Жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен бірге 9 мамырға қарсы сыйақы аламыз. Ұжымдық шартқа енгізілген.

– Жыл сайын қарулас достарыңызды 15 ақпан күні еске аласыздар. Дәстүрлі шара биыл да жалғасын тапты ма?

– Атаулы күнге орай саябақтағы Ауған соғысына арналған ескерткішке 30-ға жуық ардагер болып барып, гүл шоқтарын қойдық. Жат жұртта өмір мен өлімнің арасында шайқас-

қан қандастарымыздың ерлігін ұмыту мүмкін емес. Құрбан болғандарды еске алып, құран бағыштадық.

– Жаңаөзеннің қоғамдық өміріне араласып келе жатқандарыңызды айтып өттіңіз. Қаланың 50 жылдығын мерекелеуге қандай үлестеріңізді қосқалы жатсыздар?

– Жаңаөзен қаласының 50 жылдығына, Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 29 жыл толуына орай бокстан біріншілік өткізейін деп жатырмыз. Жарысқа 19-22 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Оған дейін барлық мектептерді аралап, Елбасының жолдауын, бірлік пен татулықты насихаттау бағытындағы іс-шараларды бастап кеттік.

– Бейбіт күннің қадірін жан-жүрегімен түсінетін адам ретінде жастарға қандай тілек айтар едіңіз?

– Бірінші, бірлік пен татулық керек. Дінмұханбет Қонаев ағамыздың «Көз өзіне сенеді. Құлақ біреудің сөзіне сенеді» дегені бар. Қазақ жастары біреудің сөзіне емес, өзіне сенсін. Жақсылыққа сенген адам ешқашан жамандыққа бармайды. Менің тілегім сол. Жастарымыз еліміздің белгіленіп берілген бағдарламалары бойынша жұмыс жасасын. Қазіргі бағдарламаның бәрі ел үшін, даму үшін жасалып отыр. Кең байтақ жеріміз бар. Соны қорғап қалу керек. Жастардың өркениетке ілескенін, білімді болғанын тілеймін. Қазақ халқы - батыр халық. Оны өзімнен де, достарымнан да білем, бізге дейінгі Ұлы Отан соғысындағы Бауыржанды аталарымыздан білем. Қазақ халқы батыр дегенмен, «алға, шап!» емес, батырлар да елдің тыныштығын ойлайды, бірлігін ойлайды. Сондықтан соғыс болмасын, әлемде тыныштық орнасын!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан: Индира СӨТЕНБАЕВА.



ХОББИ

Күй тыңдайды. Қазақтың музыкасы адам жанының терең түкпіріне бойлайтын, жүректің нәзік қылдарын шертетін, текті терең музыка. Жыр тыңдайды. Адайдың жеті қайқысының әндерін тыңдайды. Жыр мен күй жан-дүниенді асқақтатады.

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

Бес күндік байламсыз тірлікте жерге сүрінсең сүрін, ар алдында сүрінбесең болды. Қызмет, мансап, байлық тіпті әр адамның тірлігінің өзі – уақытша нәрсе! Осы жасының ішінде – ешкімнің алдын кеспеді, ешкімнің алдындағы ырысын ішпеді. «Құдай не берсе де, ниетіне қарай береді». Ниетің таза болмаса, істеген ісіңнің де берекесі болмайды. Ниет түзелсе, бәрі де оңға басады.

БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Адам баласы үшін-туған елден артық, туған елден қасиетті не бар? Бақыт дегеніміз – туған жерде алшаң басып, Отаның үшін қызмет ету. Бақыт дегеніміз – немерелер күлкісі. Дүниеде өз отбасының қаңғүр-күңгіріне жететін не бар?!

P/S: ЖАҚЫНДА НАУРЫЗ САҚТАҒАНОВ ҚР КӘСІПОДАҚ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ «КӨСІПОДАҚҚА СІҒІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. «ӨСЕР ЕЛ ӨЗ ҰЛДАРЫН ӨНЕГЕ ТҰТАДЫ», – ДЕЙДІ ӘБІШ КЕКІЛБАЙ. КОМПАНИЯ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ЗОР БОРЫШЫ МЕН АУЫР ЖҮГІН ҚАЙЫСПАЙ КӨТЕРГЕН КӘСІПОДАҚ ТӨРАҒАЛАРЫ НЕНДЕЙ МАРАПАТҚА ДА ЛАЙЫҚ!





«Өзен» кенорнын алғашқы игерушілермен кездесу

Амал мерекесі, ұлттық дәстүрді ұлықтау шарасына ат салысу



Жас мамандар

ҚАНДАЙ ЖҰМЫ

БРЕЙН-РИНГ



Наурыз айында алғашқы рет телевизиялық нұсқада ойын өтті. Оған тек мұнайшылар ғана емес, дәрігерлер, кәсіпкерлер және кәсіподақ ұйымдары қатысты.



9 мамыр - Ұлы Жеңіс мерекесінен көрініс. Жаңаөзенде қазіргі таңда тек өмірде бар ардагер ақсақалдарды ғана емес, өмірде өткен ардагерлердің де отбасын құттықтаулар



Облыстық жұмысшылар лигасында бас жүлде алған сәт


«Ойдода» зияткерлік сайысынан көрініс



Облыстық кәсіподақ жастарының арасында ұйымдастырылған жарыста «ӨМГ» АҚ жастар құрамасы жүлделі орын иеленді



«Өзенмұнайгаз» АҚ басқармалары арасында өткен «Жайдарман» ойынынан үзінді



Дәстүрлі «Бабалар жүрген Ізбенен» атты тарихи-танымдық экспедициядан көрініс. «Ақсу-Кендірлі», «Қараған босаға», Божыра жерлеріндегі сапарлар.



Компанияларының Жас мамандары арасында өткен II Спартакиада



Дәстүрлі түрде Жас мамандар кеңесі мүшелерінің қаржыландыруымен Жаңаөзен қаласындағы бірқатар арбадағы мүгедек жандарға қолдау көрсетіліп, «Кендірлі» демалыс орнына жолдама алып берілді.

Кеңесі 2017 жылы

ІСТАР АТҚАРДЫ?



Жылына 2 рет ғылыми-өндірістік бағыттағы шаралар (конференция, рационализаторлық жобалар байқауы, көрмелер) өткізілді.




«Жігіт сұлтаны» сайысы өтті.



«Алашорда» үкіметінің құрылғанына 100 толуына орай «Өзенмұнайгаз» АҚ жас мамандарының ұйымдастыруымен басқармалар арасындағы театрландырылған көріністер сайысы өтті.



«КазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевтың қолынан «Үздік инновациялық жобалар байқауында II орын алып, марапатталып тұрған Жасұлан Қарақұлов



«Өзенмұнайгаз» АҚ ЖМК мен «Тимур Академиясы» бірлескен «Робототехника заманауи ғылым» атты теориялық-практикалық іс-шара



«Өзенмұнайгаз аруы – 2017» байқауы өтті.

"Өзенмұнайгаз" АҚ Жас мамандар кеңесінен құралған зияткер жастар тобы Астана қаласында өткен "Prime Games" зияткерлік сайысының тұңғыш шарасына қатысты.



Өнегелі тұлғалармен кездесу кештері ұйымдастырылды.



Маңғыстау мұнай-газ саласы жас мамандарының бірлестігінің ұйымдастырған тимбилдинг, оқу-тренинг шаралары.



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

АСЫҚТЫҢ АЛШЫ ТҮСУІ — ИРҮШІСІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

ЦЕХ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Мақсат Тоқпанов басшылық ететін №4 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №4 Скважиналарды жерасты жөндеу цехында 29 инженерлік-техникалық қызметкер, 215 жұмысшы, сондай-ақ 14 Скважиналарды жерасты жөндеу бригадасы бар. Цехқа қарасты база сораптық компрессорлық құбырларды тазалау, оларды сұрыптау, жарамсыз шыбықтарды ауыстырумен айналысады. Сонымен бірге осы жабдықтарды сұраныс берген бригадаларға дер кезінде жеткізіп тұрады. База ұжымы тату, бір-бірімен өзара достық, жолдастық қарым-қатынас жасайды. Ұжымның тәртібі мен ауызбірлігіне база бригадирлері Болат Досқалиев, Саламат Базыловтардың тікелей үлесі бар екені айтпаса да түсінікті. Тәртіпке бас игеннің құл болмайтынын жақсы түсінетін жігіттер жұмыстарына өте жауапкершілікпен қарайды. Базадағы механик Райс Жанжігітов пен слесарь жөндеушілер Мақсат Сақтағанов пен Мерген Әділовтің де еңбектері зор.

ЖАНАШЫР МАМАНДАР ТУРАЛЫ

Цехта жұмысқа жанашырлықпен қарайтын жігіттер көп-ақ. Соның бірі – аға технолог Қайрат Мекебаев. Ол мұнай-газ өндіру кәсіпшіліктерінің технологтарымен өте тығыз байланыста жұмыс жасайды. Өз ісінің маманы, бригада шеберлері Хасан Ырзаев, Мұрат Оразалиев, Таңат Бекдосовтарды атамай кетуге болмас. Жас шеберлердің ішінде өзінің жұмысқа деген ынтасының жоғарылығымен Азат Сейсенбаев көзге түсіп жүр. Үйлестіруші Эльмира Батқанбаева да өз кәсібінің майталман маманы. Қазақ елінің баянды болашағы үшін еңбек етіп жүрген әріптестерімізге алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

ЦЕХ ОЗАТТАРЫ

«Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын» – демекші, цех жұмыскерлерінің ішінен үздік операторларды атап кетуді жөн санап отырмыз. Олар: Орынбай Қартамов, Мұқтар Өзденбаев, Жамиғат Дінов, Қанат Әбішев, Сенбай Құлшаров, Бектемір Бітіков, Мырза Есмұратов, Сәду Оразбаев, Таңатар Мамаев, Манас Жарылғапов, Ержан Мыңжасов, Ербол Қосаев болып кете береді... Ал №3,4,7,8,12 бригадалар үнемі берілген жоспарды асыра орындап, үздік бригадалар қатарынан көрініп жүр.

ЦЕХ ӨНЕРПАЗДАРЫ

Цех өнерпаздардан да кенде емес. №5 бригада шебері Базарбай Өтепбаев әрі ақын, әрі әуесқой композитор, әрі асаба. Базекеннің баянмен шырқаған әндерінен рухани ләззат алып, демалып қаласың. Ал шыбық тасымалдаушысы, жыршы-термеші Сәкен Балғаевтың насихатқа толы жауһар жырын жүрегің атша тулап отырып тыңдайсың. Бригада операторы Алашбай Қиынбаев та сыршыл домбырада ойнайтын өнерге жақын жан. Скважиналарды жерасты жөндеу операторлары Арман Есетов пен Қайрат Нұрбергеновтер «Жайдарман» ойынына қатысып, басқарма намысын қорғап жүр. Арман Есетов тіпті компания атынан облыстық «Жігіт сұлтанына» барып, сан-салалы өнерімен көпшілікті тәнті етті. Сондай-ақ Арман Есетовтің жетекшілігімен қаламыздағы «Жалын» жайдарманшылар командасы республикалық Жайдарман ойынына қатысып, 250 команданың ішінен оқ бойы озып, премьер лигаға жолдама алып қайтты.

Бригада операторы Алашбай Қиынбаев та сыршыл домбырада ойнайтын өнерге жақын жан. Скважиналарды жерасты жөндеу операторлары Арман Есетов пен Қайрат Нұрбергеновтер «Жайдарман» ойынына қатысып, басқарма намысын қорғап жүр. Арман Есетов тіпті компания атынан облыстық «Жігіт сұлтанына» барып, сан-салалы өнерімен көпшілікті тәнті етті. Сондай-ақ Арман Есетовтің жетекшілігімен қаламыздағы «Жалын» жайдарманшылар командасы республикалық Жайдарман ойынына қатысып, 250 команданың ішінен оқ бойы озып, премьер лигаға жолдама алып қайтты.

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕР

«Спортты сүймейтін бала жоқ, спортты сүймейтін дана жоқ» демекші, цех ұжымы да спортқа кет әрі емес. Айтбай Тәшенов, Ғалым Дәулетәлиев, Рақымжан Түгелбаев, Жанғали Боранбаев, Мақсат Сақтағанов, Арман Исағұловтардан тұратын футбол командасы цех, басқарма, компания ішіндегі спартакиадаларға қатысып, жеңіс туын желбіретіп жүр. Қара күштің иесі Әлібек Әжіғалиев зіл тасын көтеруде қалалық, облыстық сайыстарда жүлделі орындардан көрініп жүр. Ал Берік Құбұғұлов, Жолдасбай Сәкеев, Нұрхан Көркембаев, Нұрбек Бегімов, Сәду Оразбаев, Махсет Өтешовтерден құралған арқан тарту командасы «мен күштімін» деген небір команданы жер қаптырып, №4 МГӨБ абыройын асқақтатуда. Ал үздік бригаданың шебері Иса Қожбанов бірнеше жыл қатарынан үстел теннисінен чемпиондықты әлі ешкімге бере қойған жоқ. Спортпен айналысатын адамның дені сау болады. Дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі.

ЦЕХ БАСШЫСЫ ТУРАЛЫ БІР АУЫЗ СӨЗ

Қазақта «асықтың алшы түсуі-мірушісіне байланысты» деген сөз бар. Ендеше цех басшысы туралы ләм демеу әділетсіздік болар еді... Тумысынан адал еңбек иесі Мақсат Тоқпанов аталмыш цехқа басшы болып 2016 жылдың қазан айында тағайындалған болатын. Келе сала ол цех кеңсесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, іші-сыртын безендіру жұмыстарын қолға алды. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже береді емес пе?! Осы азғана уақыттың ішінде кеңсе алды көгалдандырылып, жүргіншілер жүретін жолдар салынып, орындықтар

қойылды. Ойқы-шойқы болып тұрған жерлер тегістеліп, көгал төселді. Жұмыс барысында аянбай еңбек етуден қашпайтын цех жұмыскерлері «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып» көп еңбек сіңірді. Көкті үздіксіз суару үшін кранмен су да тартылды. Ауа райының қолайсыз кезінде кеңсе маңындағы жердің мый шығып, балшық болып жататын... Бұл жерлерді құрғату үшін өндірістік аймақтың әр жерінде жатқан плиталар қазылып әкелініп, кеңсе маңайына төселді. Бұл қыруар шаруаның бәрін қабақ шытпастан атқарып шыққан мұнайшы жігіттер кіршіксіз тазалықты ту етіп көтерді.

Халқына, өзінің сүйікті компаниясына қалтқысыз адал қызмет етуді өмірлік ұстанымы етіп алған Мақсат Тоқпанов: «Бастысы-еңбек ету, бұйырған несібені берекелі жарату. Елге, халыққа жасалған қызмет ешқашан ұмытылмайды. Компанияның өсіп-өркендеуіне, дамуына біздің әрқайсымыз мүдделі болуымыз керек» – дейді.

«Адамдық борыш, ар үшін, Барша адамзат қамы үшін, Серт бергем еңбек етем деп, Алдағы атар таң үшін» – деп Шәкәрім атамыз айтпақшы, ел үшін ерен еңбек етіп жүрген ел азаматтары аман болсын!



Өндірістік аймақта орналасқан кеңсе маңайында өсіп тұрған ағаштар мен гүлдер осында еңбекқор адамдардың барын паш етіп тұрғандай.

Мақсат ел аузында «мұнайшылар қарашаңырағы» аталып кеткен Қызылсай ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келді. Әкесі Жанөзен қаласының дамуына ерен еңбегі сіңген, Өзен кенорнының алғашқы иегерушілерінің бірі Қуанышлияз Тоқпанов еңбек жолын 1963 жылы бастаған болатын. Ол есімдері мұнай тарихына алтын әріппен жазылған, аты аңызға айналған Смағұл Жалғасбаев, Қаржаубай Сеңгірәлин сияқты азаматтармен жұмыстас болды. Мақсаттың мұнайшы мамандығын таңдауға әкесінің ықпалы тиді. Ол Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы политехникалық институтты бұрғышы мамандығын, өскерден келген соң аталған оқу орнына сырттай түсіп тау-

кен инженері мамандығын алып шықты. Мұнай саласында 1991 жылдан бері еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде Мақсат отбасында өнерге болып, өзі үшін идеалға айналған әке атына кір келтірмеуге барынша тырысып келеді. Бүгінде отбасында әулеттің ақылшысы анасы және балаландарымен бірге өмір сүріп жатыр. Әрбір қазақ азаматы сияқты Мақсат та өзінің бауыр еті балаларын аялап, олардың болашағын, күні ертең елін сүйген азамат болып шығуын ойлайды.

КПШ ТУРАЛЫ «ХИКАЯ»

КПШ кілті компанияға қарасты №1, 2, 3, 4 МГӨБ және БЖБ-ға бірдей мөлшерде таратылып беріледі. Бұл кілт скважиналарды жерасты жөндеу бригадаларына ауадай қажет деп айтсақ, қателеспейміз. Алайда бүгінгі күні осы кілтті тек ғана Мақсат Тоқпанов басшылық ететін цех пайдалануда. Бұл әрине, басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғановтың өзінің де, өзгелердің жалпыға бірдей қатаң тәртіпке бағынуының нәтижесі, цех мамандарының құрал-жабдықтарға күтіммен қарауы деп түсінген ләзім. «Жаңа технологияны пайдаланғанға не жетсін! КПШ құралы жігіттердің қауіпсіз, өнімді жұмыс жасауына ықпалы зор. Өте тиімді кілт»-дейді бригада жігіттері.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТ

Цех ұжымының көпшілігі компания тарапынан өздеріне көрсетіліп жатқан әлеуметтік қамқорлыққа дән риза. Өздеріне берілетін шипажайға және балалар лагеріне берілетін жолдамалар ешқандай проблема тудырып тұрған жоқ. Асхана мәзірі де қанағаттандырарлық. Аспаздар ас мәзірінің үнемі өзгеріп тұруын барынша қадағалайды. Асханада 2 түрлі «бірінші», 4 түрлі «екінші» тамақ беріледі. Жұмысқа күш-қуат, денсаулығың жетердей болу үшін құнарлы, жақсылап тамақтану керек. Күніне 500 адамды сапалы тамақпен қамтамасыз етіп, мінсіз қызмет көрсетіп жүрген аспазшы қыз-келіншектерге Алланың нұры жаусын! Үйге оншақты қонақ келгенде үй иесі сасып қалып жатады. Сондықтан 500 адамға есептеліп пісірілген тамақтың кейде кемшілігі болып жатса, оған түсіністікпен қарағанымыз жөн шығар. Көпшілік болған соң риза болмай, күңкілдеп жүретін қызық адамдар әрқашан да бола береді...



Мұнайшының БІР КҮНІ

Аты-жөні: Жасұлан Фиязбекұлы Қарақұлов
Қызмет орны: «Өзенмұнайгаз» АҚ №3 мұнай-газ өндіру басқармасының қабат қысымын сақтау цехы 1 «А» шоғырланған сораптар станциясы
Дәрежесі: 5
Жеткен жетістігі:
 «Үздік маман - 2015» жеңімпазы, «ҚазМұнайГаз»БӨ» АҚ
 «Үздік маман - 2017» жеңімпазы, «ҚазМұнайГаз»ҰҚ» АҚ
 «Үздік инновациялық жобалар байқауы - 2017» жүлдегері,
 «ҚазМұнайГаз»ҰҚ» АҚ

ГАЗЕТИМІЗДЕ ЖАҢА ТАҚЫРЫП – «МҰНАЙШЫНЫҢ БІР КҮНІ». ЕНДІ ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӘР САНЫНАН ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КҮРЕ ТАМЫРЫ – МҰНАЙ САЛАСЫ ЖӘНЕ СОЛ ӨНІМДІ ӨНДІРУШІ МӘРТЕБЕЛІ МҰНАЙШЫНЫҢ БІР КҮНІ ТУРАЛЫ КЕҢІРЕК АЙТАМЫЗ.

Алғашқы кейіпкеріміз – № 3 мұнай-газ өндіру басқармасындағы қабат қысымын сақтау цехы 1 «А» шоғырланған сораптар станциясының операторы, 7 жылдық өтілі бар маман Жасұлан Қарақұлов.

Бір күніне бір күні ұқсамайтын маман еңбек жолын осы цехтан 2011 жылы бастаған. Алғашқыда 3-ші разряд жөндеуші болған, кейін оператор дәрежесіне дейін көтеріледі. Қазір 5-ші дәрежелі қабат қысымын сақтау операторы.

МҰНАЙШЫ ТАҢЫ – МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРІС

Мұнайшы таңы 7:30-да басталады. Әр таңды олар медициналық тексерістен бастайды. Дәрігерлік тексеруде олардың қан қысымын, жалпы жағдайын бақылайды. Егер денсаулықта кінәрат болмаса, дәрігерлер еңбекке жарамдылығы бойынша кітапшасына мөр басады. Содан кейін ғана жұмысқа шығады. Ондағы мақсат – әр қызметкердің қауіпсіздігі, амандығы. Бұл тексерістен мүдірмей өткен маман ғана қызметтік көліктерге мініп өндіріс орындарына бет алады. Біздің кейіпкеріміз Жасұлан да барлық әріптестері секілді дәрігерлік тексеруден өтті. Еңбек етуге жарамдылығы туралы дәрігердің рұқсатын алды. Енді өзі қызмет ететін №3 мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік алаңында алаңсыз жұмыс істей алады.

ЖҰМЫСҚА ЖОЛ

Автобекеттен шыққан мамандарды өндірістік алаңға арнайы көліктер жеткізеді. Жасұлан жетер нысанның арасы 15 шақырым. Бұл қашықтықты 20 минутта бағындыруға болады. Қызметтік орынға жеткен мұнайшы алдымен тұрмысшық-шаруашылық кешенге келді.

Бұл кешенде мұнайшылар күнделікті киімін жұмыс киіміне ауыстырады. Бұл кешен 2015 жылы қолданысқа берілген. Мұнда жұмысшылар керек-жарақтарын сақтайды. Сонымен қатар

жуынатын және басшылықтың жұмыс бөлмелері бар.

Арнайы киім киген мамандар алдымен сол күнге тапсырма алады. Біздің кейіпкеріміз Жасұлан Қарақұлов шеберден бір күндік тапсырмасын алды. Ендігі жұмыс сол бойынша жүреді. Алда қызу еңбек күні күтіп тұр. Жасұланға ұңғылардың қысымын тексеру тапсырылды.

Цехтың негізгі қызметі - жерден алған өнімнің орнына су айдап жер қабатының қысымын сақтап тұру. Цехта барлығы 136 адам қызмет етеді. Олардың 13-і инженер мамандар болса, қалғаны - жұмысшылар.

ЕҢБЕК КҮНІ НЕМЕСЕ 8 САФАТ

Тапсырма анық. Ендігі міндет – берілген жұмысты тиянақты атқару. Жұмыс уақыты ұңғы басындағы күрделі жөндеу жұмыстарын атқарып жатқан бригадалардың жұмыс бағытымен танысудан басталды. Одан соң ұңғының қысымын өлшеумен жалғасты. Яғни қызмет етіп тұрған сораптардың кіріс-шығыс қысымы, температурасы бақыланды.

1 «А» шоғырланған сораптар станциясына қарасты 42 ұңғы бар. Жасұланның күндегі ісі осы ұңғылардың жұмыс өнімділігін бақылау. Араларының алшақтығы ескеріліп, операторлар көлікпен қамтылған.

Мәселен, кейіпкеріміз Жасұлан бүгін бірінші болып 75-01 ұңғысына, яғни таңда өзі цех шеберінің тапсыруы бойынша келді. Тапсырма бойынша Жасұлан штуцерін тексеруі керек болатын. Тексеріс барысында түтік жалғауыш (штуцер) ауыстыруды қажет етті. Маман мүлтіксіз орындап шықты. Оператор түс мезгіліне дейін берілген тапсырманы және өзіне қарасты бірнеше ұңғыны тексеріп, жағдайымен танысып шықты. Барлығының қалыпты қызмет етіп тұрғанына қанықты.



ӘРИНЕ, ТҮС МЕЗГІЛІНДЕ 1 САФАТТЫҚ ҮЗІЛІС БАР

Түстеніп шыққаннан кейін еңбек күні жалғасады. Бұл күні өкінішке орай Жасұлан жарылған су құбырына тап болды. Демек, жұмыс ауаны өзгеріп, қыза түседі. Ондай жағдайда көмекке арнайы мамандар шақырады. Яғни қазу, күреу қызметтері және құбырды жалғауға дәнекерлеуші келеді. Әрине, барлығы Жасұлан Қарақұловтың қатысуымен жүреді. Дәнекерлеушінің жұмысы біткен соң барлығын тексеріп қабылдап алып, ұңғының ары қарай тоқтаусыз жүруін өзі қадағалайды.

Жұмыс күнінің соңында цехқа келіп күні бойы атқарған жұмысының әр қайсысына жеке-жеке тоқталып есеп жазумен қорытады. Көпке түсініксіз қабат қысымын сақтау операторы мамандығының иесі Жасұлан Қарақұловтың күнделікті атқарған бір күнді ісі – осы. Өзімізге бейтаныс мамандықпен танысып, білуге, жазуға құмартып бір күн бойы операторға еріп жүрдік. Бір күн ұңғы аралап журналист шаршағанымен, Жасұлан өзі сүйіп алған мамандығымен ертең тағы келіп еңбек етеді.

ПҮЙІРҒИ

Бұл - Өзенмұнайгазда еңбек етіп жатқан мыңдаған мамандардан бір ғана мысал. Бұдан былай газетіміздің әр санынан өндірістегі түрлі сала маманының жұмыс күнімен таныстыратын боламыз. Келесі кейіпкер, мүмкін, Сіз шығарсыз?



№1 МГӨБ – ИДЕЯЛАР ФАБРИКАСЫ

МӘСЕЛЕ

Жерасты жөндеу бригадаларының орын ауыстыруы уақыт таңдамайды. Кешқұрым, түнде, қысқасы тапсырылған жұмысты қай уақытта аяқтайды, сол уақытта көше береді. Дөңгелекті шаналарды түнгі ауысымда көшіру техника қауіпсіздігі бойынша қиындық туғызады. Шананы сүйрейді «К-700» арнайы техникасының жарығы артындағы шананы жарықтандыруға жетпейді. Ал шаналардың ені ұзын болғандықтан жолға сыймайды әрі жарқырауының жоқтығынан көрінбейді. Яғни түрлі арнайы техникалардың, автокөліктердің қозғалысы кезінде жол-көлік оқиғасы болу қаупі туындайды.



ШЕШІМ

№1 Мұнай-газ өндіру басқармасының басшысы Бекболат Нұрлыбаев үнемі бастама көтеріп, жаңашылдығымен ерекшеленетін жан. Басқарма қызметкерлері таңертең жұмысқа кірісер алдында қолдарын жүректеріне қойғызып, еліміздің өнұранын шырқатуды ұйымдастырып, әр қызметкердің елін, жерін сүйінің айқын көрінісін жасаған еді. Ал күнделікті өндірістегі мұндай мәселелер қырағы басшының көзінен таса қалмады. Бұл жолы Б.Нұрлыбаевтың тапсырмасымен №1 ӨҚҚЦ басшысының орынбасары Бердібай Жолмағанбетов шанаға жарқырауықты қолдағы бар материалдардан жасау идеясын ұсынды. №1 ӨҚҚЦ 5-ші дәрежелі слесары Ықылас Қатов қолданыстан шыққан ескі пластик құбырларға жарқырауық орап, шана бұрыштарына орнатылатын жеңіл алынбалы-салынбалы 4 дана тіреуіш дайындады. Аталған тіреуіштерді №1 МГӨБ ОИТҚ жетекшісі Тоймұрат Айтұғанов түнгі ауысымда дөңгелекті шана бұрыштарына орнатты. Шананың артқы жағынан автокөлікпен жарық түсіріп тексерді. Автокөлік жарығына шағылысып, дөңгелекті шана бұрыштары анық көрінді. Жаңа «жобаға» қолданылғандар қолда бар материалдар. Дайындауға да ұзақ уақыт кетпеген. Нәтижесінде жарқырауықтар техника қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып, жазатайым оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік берді.

ҚУТТЫҚТАУ!

Аса қадірлі
Оңдаған аға!



Сізді әр мұсылманның қадір тұтатын 63 жас – Пайғамбар жасына толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз. Абыройлы азаматтық бейнеңізге дақ түспей, тау тұлғаңыз аласармай, өмір асуларынан аса беріңіз! Ұжыдастарыңыз сізді үлгі тұтады.

Игі тілекпен: **Өзенэнергомұнай басқармасының ұжымы**


Құрметті
Светлана Қуатбекқызы!

№2 Мұнай-газ өндіру басқармасы МГӨЦ - 9 пульт басқарушы операторы ретінде сізді танымайтындар кемде-кем. Еңбекте алда, ортада сыйлы қалпыңызбен 50 деген еңселі жасқа толып отырсыз. Осынау кішіге үйретері көп ақылы кемелденген ел азаматшасын ұжымдастары туған күнімен құттықтайды. Бастың амандығын, астың молшылығын, деннің саулығын тілейді. Бар болыңыз, жақсы әріптес!



Аяулы Жазболған
Сейсенғалиқызы!

Сізді 50 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сонау 1994 жылдан бері басқармада №3 Соратпық қондырғы машинисі болып атқарып келе жатқан абыройлы еңбегіңізді бағалаймыз. Үлкенге ізетті, кішіге құрметті мінезіңізді үлгі ететіндер көп. Осы қалпыңыздан танбай, өмірдің қыр-қырқасына шыға беріңіз. 100 жасаңыз!



Қадірменді
Мұханбет Құрлыбекұлы!

Скважиналарды жерасты жеңдеу операторының компания үшін ерекше рөлі бар. Сондай қиын да қажетті мамандықты меңгеріп, 30 жылға жуық атқарып келе жатқан азаматсыз. Сізді ердің жасы 50-ге келген осынау қуанышыңызбен құттықтаймыз. Отбасыңызға бірлік-береке, амандық тілейміз. Деніңіз сау болып, әрқашан абырой биігінен көріне беріңіз!



Ізгі ниетпен: **№2 Мұнай-газ өндіру басқармасы.**

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚУАТТЫ
БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ...

Адамның адамсыз күні жоқ. Ал олардың оңай ері ойдағыдай өмір сүруі үшін қарым-қатынастарының жақсы болуы маңызды. Қоғамдық өмірде, өндірісте, кеңседе де коммуникацияның рөлі ерекше. Дер кезінде шаруаңызды тиянақтап, қисынын келтіре орындау үшін, жалпы айналаңдағылармен жақсы қарым-қатынас орнату үшін бірнеше қарапайым кеңесті ұсынғанды жөн көрдік.

1. Сізбен қарым-қатынастағы адам өзін төмен санамасын. Сіз оған сондай қолайлы жағдай туғызыңыз. Тең сөйлесіңіз, жылы қарсы алыңыз, жымиып шығарып салыңыз.

2. Сөйлесу барысында қызметіңіз жоғары, жасыңыз үлкен болса да, әңгімесін бөлмей тыңдаңыз. Ұстамды болыңыз. Әңгімелесушіңіздің пікірімен келіспесеңіз де соңына дейін тыңдаңыз. Сөйлесу барысында аз сөйлеп, көп тыңдаңыз және пікірін қолдап қоюды ұмытпаңыз.

3. Адамның бойынан жақсы қасиеттерін ғана іздеңіз. Жағымды етіп мақтап та қойыңыз. Жұмысына қатысты кемшіліктеріне кеңес айтыңыз, алайда жеке басын мінеп-сынамаңыз.

4. «Күлкі алмайтын жау болмайды». Күліп, жылы жымиып жүріңіз.

5. Қарым-қатынас барысында ашуланып қалсаңыз, тез шешім қабылдаудан аулақ болыңыз. Отырыңыз, ойланыңыз. Эмоцияңызды тежей алатын тұрақты күйге түскеннен кейін ғана сөйлесуге тырысыңыз.

6. Адамдардан қандай да бір артықшылығыңыз бар екенін білдірмеңіз. Әңгіме барысында сіздің білімділігіңізді, ақылдылығыңызды байқаудың өзі оған сізбен тең дәрежеде қарым-қатынас құруға итермелейді.

7. Жаныңызда жақсы сөйлесіп, шыға бере ол кісіні жамандамаңыз. Әлдекімдерден жеткен сөзіңіз сіз туралы оң пікір қалыптастырмайды.

8. Пайдалы болуға тырысыңыз. Сұраса – беріңіз, шақырса – барыңыз, ақылдаса қалса шынайы кеңес беріңіз.

9. Қателіктеріңізді байқай қалсаңыз, көп ұзатпай кешірім сұраңыз. Кішіреу кемдікті білдірмейді.

10. Сыйлық сыйлау адамның қадірін арттырады. Түрлі себеп тауып, сыйлық беріңіз. Мақтап-мадақтап, алғыс айтыңыз.

11. Жетістіктеріне қызғанып емес, қызығып қараңыз. Жүрегіңізді ластанмаңыз.

12. Адамға жағымсыз ат қоймаңыз. Керісінше бұрын өзі естімеген, жақсы қасиеттерін айқындай түсетін «жаңа есім» тағыңыз. Сыпайы, сағындырып айтып тұрыңыз.

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жаңаөзен қаласының 50 жылдығына орай бейнероликтер байқауын жариялайды.

Егер Сіз қызмет ететін басқарма өзгелермен салыстырғанда техника және өнеркәсіптік қауіпсіздігін сақтау, өндірістік техникалармен жабдықталуы, жұмысшыларының ұйымшылдығы мен татулығы, ұжым болып жеткен жетістіктері жағынан мықты деп есептесеңіз, қатысыңыз!

Байқаудың мақсаты: Қала құрушы компания ретінде Жаңаөзеннің 50 жылдығына орай ұйымдастырылатын іс-шараларға атсалысу. Басқармалардың өзара пайдалы бәсекелестігін туғызу. Басқармалардың өндірістегі, әлеуметтік, қоғамдық бағыттағы еңбектерін ынталандыру. Жұмысшы мамандардың өз кәсіптеріне, еңбек етіп жүрген мекемелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Байқауға қойылатын талаптар:

- Әр басқарма тыныс-тіршілігін толық көрсете алатын бейнеролик дайындау керек;
- Жұмыста басқарманың жетістіктері көрініс табуы маңызды;
- Бейнероликтің ұзақтығы 5 минуттан аспауы тиіс;
- Сапалы, анық, түсінікті болуы қажет.
- Бейнероликтер арнайы қазылардың талқылауына түсіп, мереке қарсаңында жеңімпаз және жүлдегерлер анықталады. Марпаттау шарасы өтіп, үздік имидждік бейнероликтер компанияның әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланатын болады.
- Имидждік бейне үзіктерді дайындауға техникалық көмек ұйымдастырушылар тарапынан көрсетіледі.

Жұртшылықпен байланыс департаменті.